

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 948 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 7, 165-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірлері 16, 17, 24, 25 және 26-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 27-1 және 27-2-жолдармен толықтырылсын:

«

27-1.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (жаңа редакция)	БП (келісім бойынша)	наурыз	мамыр	қыркүйек	И. Д. Меркель
27-2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БП (келісім бойынша)	наурыз	мамыр	қыркүйек	И. Д. Меркель

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 29-1, 29-2 және 29-3-жолдармен толықтырылсын:

«

29-1.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі (жаңа редакция)	БП (келісім бойынша)	мамыр	маусым	қыркүйек	И. Д. Меркель
29-2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БП (келісім бойынша)	мамыр	маусым	қыркүйек	И. Д. Меркель
29-3.	«Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы»		мамыр	маусым	қыркүйек	

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы	БП (келісім бойынша)				И. Д. Меркель
---	-------------------------	--	--	--	------------------

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С.Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК